

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы № 81 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 927 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.01 № 616 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы № 81 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 3, 38-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесінде:
2-тармақтың 2) тармақшасында:

екінші абзацтағы «теңгерімдік құны» деген сөздердің алдынан «ветеринариялық препараттарды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацтағы «теңгерімдік құны» деген сөздердің алдынан «ветеринариялық препараттарды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацтағы «коммуналдық меншікке беріледі» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«ветеринариялық препараттар - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген шешімі бойынша коммуналдық меншікке беріледі;» .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

